

**«№6 жалпы білім беретін мектебі» КММ**



Бекітемін

«№6 ЖББМ директоры

М.Б.Сулейменов

2025ж.

**Балалар мен жасөспірімдердің жазғы демалысын,  
бос уақытын мазмұнды ұйымдастыру мен  
сауықтыруға арналған**

**«Жаз - 2025»**

**БАҒДАРЛАМАСЫ**



Қарағанды

## I. Кіріспе

Тәрбие - ұрпақты биік мұратқа жетелейтін сапалы білімнің тұгыры. Адам жанын игілікпен, ізгілікпен қуаттандырып, адами құнды касиеттермен қанаттандырады. Ал, ар-ұят, намыс, адалдық, отаншылдық, жауапкершілік, әдептілік пен инабаттылық, мейірімділік пен бауырмалдық, отбасына сүйіспеншілдік, үлкенге құрмет, кішіге ізетті болу касиеттері берік қалыптаскан жасампаз азаматты тәрбиелеу маңызды. Еліміздің өркендең даму үшін халқын сүйетін, мемлекет мұддесін жоғары ұстайтын, білімді де адал ұрпак тербислеу аса өзекті мәселелердің бірі ретінде үнемі назарда ұстауды қажет етеді. Осы міндettі жүзеге асыруда оқушылардың жазғы демалысын мазмұнды ұйымдастырудың да маңызы зор.

Жазғы демалыс уақыты жыл бойына оқушының ең көп демалатын мерзімі, бос уақыты көп болады. Бірақ барлық ата-ана бірдей балаларының демалысын дұрыс ұйымдастырады деп айту қыын. Жазғы демалыс уақытында баланың жыл бойындағы сабақ оқуынан шаршап калғандығы білінеді, ол тынығып, күш жинап, денсаулығын нығайтып, шығармашылық жұмыс жасау кабілетін арттырады. Бұл шараларды балалардың құндіз келіп демалатын жазғы сауықтыру лагері іске асырады.

№6 ЖБ мектептін балалар мен жасөспірімдер арасында жазғы сауықтыруды ұйымдастыруда көп жылдардан бері қалыптасып келе жатқан тәжірибесі, озіндік қолтанбасы бар.

Жазғы сауықтыру басталғанға дейінгі мерзім ішінде мектеп педагогикалық ұжымында 1-10 сынып оқушыларының (465 оқушы) жазда бос уақытын дұрыс пайдалы өткізу жөнінде кеңінен даярлық жасау жұмыстары атқарылады.

Бұл бағдарламаны даярлауга балалардың жазғы демалысын, бос уақытын дұрыс, пайдалы өткізу, сауықтыруды ұйымдастыруға төмендегідей себентер болды:

- қала жағдайында оқушылардың жазда ұйымшылдықпен жаксытынығуларын ұйымдастыруды балалар мен ата-аналарының сұранысының көп болуына байланысты;
- болашақ жоспарлаудағы қалыптасқан жүйені реттеу қажеттілігінен;
- бүгінгі демалыс лагерь жұмысында бұрынғы жылдардағы лагердің жұмысымен сабактастығының сақталуы;
- жұмыс жасаудағы ескі жүйені жаңарту және жаңаша үлгілендіру.

Бұл бағдарлама бағытына карай кешенді болып саналады, себебі түрлі жоспарлы қызмет қамтылады, демалыс лагерінің жағдайына байланысты сауықтыру, тынығу, дұрыс демальп, тәрбиелеудің түрлі жолдарын қарастырады. Бағдарлама шектеулі мерзімді қамтиды, себебі жазғы сауқтыру айларында іске

асырылады. Лагерьде топтар 20-25 баладан біріктіріледі, онда 7 жастан 11 жасқа дейінгі балаларға жаз айларында тынығуға болады.

Лагердің негізгі құрамы — мектеп оқушылары. Лагерге балаларды жинақтағанда аз қамтылған отбасы, толық емес, көп балалы отбасындағы және қамқоршы тәрбиесіндегі балаларға баса көніл бөлінеді. Сол сиякты мүгелек балаларға, зейнеткер ата-аналары бар балаларға, өмірлік киын жағдайға душар болған балаларға ерекше назар аударылады.

Бағдарлама төмендегі нормативті-құқықтық күжаттарды ескере отырып даярланған:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заны»;
- БҰУ бала құқығын қорғау Конвенциясы;
- КР Оқу-ағарту Министрлігі мен Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы дайындаған Біртұтас тәрбие бағдарламасы
- КР Оқу-ағарту Министрлігінің жазғы демалыс кезеңінде балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру бойынша 2024-2026 жылдарға арналған әдістемелік ұсынымдары.

Мектеп жанындағы сауықтыру және демалыс лагері үнемі жаз мезгілінде жұмыс жасайды. Демалыс лагері балалардың денсаулығын жақсартуға, балаларды сауықтыру, ой-өрісін дамытып, ойлау қабілеттерін арттыруға, гигиеналық және дene мәдениетін жетілдіруге, танымдық білім беруге, ұжымдық шығармашылықпен жұмыс атқаруга, азаматтық тербие, адамгершілікке, отаншылдыққа баулу, экологияны сактауға балаларды тәрбислеу бағдарламасын іске асыруға бағытталған.

## 2.БАҒДАРЛАМА ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

Денсаулықты жақсы, орнықты, адамгершілігі мол адам ғана белсенді өмір сүріп, түрлі қындықтарды жеңіп, қызметінде жақсы табыстарға жетелі. Сол себептен ата-аналар мен педагогтарды денсаулығы мықты, шығармашылық қабілеті зор бала тәрбиелеу мәселесі көп аландатады.

Балалардың шығармашылықпен жұмыс атқаруларына, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға педагогикалық ұжым үлкен мән берелі.

Балалық шағынан бастап балаға «салауатты өмір сұру» түсінігін бойына сініру қажет.

## 3. БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТ-МІНДЕТТЕРІ

Барлық жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, №6 ЖББ мектебінің педагогикалық ұжымы балалар мен жасөспірімдердің жазғы демалысын ұйымдастыруда төмендегідей мақсат- міндеттерді қояды:

**Бағдарлама мақсаты:** Балалар мен жасөспірімдердің өмірлік маңызды дағдыларын дамыту, деңсаулықтарын нығайту, шығармашылық қабілеттерін жетілдіру, бос уақыттарын мазмұнды ұйымдастыру арқылы когамда әлеуметтенуіне қолдау көрсету.

**Міндеттері:**

-Балалар мен жасөспірімдерді психологиялық колдау, позитивті өзін-өзі бағалау мен өзіне деген сенімділікті, стреске төзімділікті дамыту

-Тәрбие мен дамудың тимді әдістерін колдану (онын технологиялары, позитивті психология және т.б.)

- Әлеуметтік тәжірибе жинақтауға баланың араласып, қатыстырылуы, бірге қызмет істеуі, шығармашылық жұмыспен бірге айналасуы;

- Жас ерекшеліктері әр түрлі топтармен қарым-қатынас жасау түрлерін дамыту;

- Балалардың демалысын дұрыс ұйымдастыру аясында табиғатты аялауга, қорғаура баулу;

- Шығармашылықпен жұмыс атқаратын балаларды анықтап, қабілеттің дамыту, жеке жұмыс жасауға, бірлесіп жұмыс атқаруга баулу;

- Топпен жұмыс жасауға үйрету, балалардың жазғы сауықтыру лагерін басқаруға қатыстырылуы;

- Өмір қауіпсіздігі ережелерін менгертуге, балалар деңсаулығын күшеттүге, баланың деңсаулығын шынықтыруға байланысты түрлі сауқтыру іс-шараларының жүйесін күру,

- Салауатты өмір сұруге бейімдеу;

- Аз қамтылған отбасы балаларының, қамқоршы тәрбиесіндегі балалардың мектептегі және «Салют» қала сыртындағы лагерлерде демалулары үшін тегін жолдамамен жалпыға бірдей білім беру қорынан қамтылударына комек көрсету.

**Принциптері :**

**«Арай»** мектеп жаңындағы жазғы сауықтыру лагерінің бағдарламасы төмендегідей принциптерге негізделген:

1. *Қарым-қатынасты ізгілендіру принципі:* адамды құрметтеу, сеніммен қарau, табысқа қол жеткізуіне қолқабыс жасау. Бала, ата-ана, лагерь қызметкерлерімен адамгершілікпен байланыс жасай отырып, педагогикалық процестін барлық негізгі құрамдас бөлігі - компоненттерін психологиялық тұрғыдан түсіну.

2. *Бірге жұмыс жасау барысында балалардың жас ерекшеліктері мен атқарылған жұмыстың сәйкес болу принципі:* ересек адамдардың баламен бірге жұмыс атқаруны тәрбиелік маңызы зор болмақ және қолдау көрсетілген балада шығармашылықпен жұмыс атқарамын деген сенім пайдада болады.

**3. Демократияшыдық принципі:** шыгармашылық кабілетін дамыту жоспарына барлық балалар мен жасөспірімдердің еркіті түрде тегіс қатыстырылуы.

**4. Жазғы сауықтыру лагерінде тәрбиелеудің түрлі әдісін, тәсілін, мазмұнын тандау принципі төмендегі жұмыстардың атқарылуын талап етеді:**

-балалардың жеке психологиялық ерекшеліктеріне карай оларды тербиелеудің түрлі әдісін, тәсілін, мазмұнын табу және жүзеге асыру принципі;

-баланың бір шыгармашылық жұмыс түрінен екінші жұмыска кошу мүмкіндігінің болуы (1 күнде);

-күн тақырыбына байланысты барлық іс-шаралардың бір-бірімен тығыз байланысты болуы, жүйелілігі, мазмұн сәйкестігі;

-барлық атқарылатын іс-шараларға балалардың белсенді түрде қатыстырылуы.

**5. Баланың дара қасиетін ашу шыгармашылық принципі:** шыгармашылықпен жұмыс жасауды арқылы тұлға даралығының ашилуы - тұлғаны сипаттау мінездемесі, колға алған жұмысын толық іске асыруы.

#### **4. ЖАЗ МЕЗГІЛІНДЕ ОКУШЫЛАРДЫ САУЫҚТЫРУ ЖӘНЕ БОС УАҚЫТТАРЫН ДҮРІС ҰЙЫМДАСТАРЫН ТҮРЛЕРІ**

Дене шынықтыру, спортпен айналысу сияқты сауықтыру шаралары лагердің жұмыс мазмұнының әдіс -тәсілінің бір артықшылығы болып табылады. Бұл шаралар баланың дүрыс дамып-жетілуіне, өсуіне, денсаулығының мықты болуына бағытталған: (дүрыс тамақтану, медициналық көмектін дер кезінде көрсетілуі, таза ауада серуендеуі, сауқтыру, дене шынықтыру, мәдени іс-шаралардың өткізілуі, саяхат жасау, жорықта шығу, түрлі ойын-сауық құру, қызыгуышылдықтары бойынша бірлестікте жұмыс жасау: үйірме, секция, топ, шыгармашылық шеберхана, клуб т.б.)

Бейіндік отрядтар қызметі салауатты өмір сүруді қалыптастыруды міндетті іс-шаралар жүйесімен толықтырылатын білім, білік, дағдысын шыгармашылықтың нақты түрінде практикамен байланыстырып, іске асыруларын қарастырады. Мектеп басшысының бекіткен оку-тәрбие процесінде балалардың өмір қауіпсіздігін сақтау қағидаларына сейкес кәмелетке толмаган топ балаларымен саяхат жасау, т.б. сол сияқты іс-шаралар кезінде қауіпсіздікті сактау, өрт қауіпсіздігін сақтау, еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігін сактауга ариалған іс-шаралар белгілі тәртіп ретімен жүзеге асырылады.

Балалардың өсіп-жетілуі, шыныгуы, денсаулықтарын нығайтуы көп жағдайда лагерь жұмысын ұйымдастыратын ересек адамдардың біліміне, жауапкершілігіне, іскерлігіне, жұмысқа даярлығына тікелей байланысты.

«Жаз-2025» бағдарламасын іске асыруға бізде тәжірибесі мол, іскер мамандар, атап айтканда, олар музыка мұгалім, тәрбиешілер (бастауыш сынын

мұғалімдері, орта буында сабак беретін пән мұғалімдері), әлеуметтік педагог, педагог-психолог, аға тәлімгер, үйірме-секция жетекшілері, мектеп кітапханашысы мен мектеп дәрігері тартылады.

Тәрбиешілер балалардың өмірі мен деңсаулықтарына жауап береді, күн тәртібіне, санитарлық-карантиндік нормалардың, техника қауіпсіздігінің сәктауына, сауықтыру-тәрбиелеу жұмысын, балалардың бос уақытын дұрыс пайдалы, мағыналы ұйымдастыруға жауапты. Сол сияқты озін озі басқару ұйымдарының жұмысын, топтар жұмысын талдап, саралау жасайды. Арнаулы кадрлар (педагог-психолог, тәлімгер, музика пәні мұғалімі, деңе тәрбиесі пән мұғалімдері, әлеуметтік педагог) қызметтегі міндеттеріне байланысты арнайы педагогикалық жұмыс атқарады. Педагогтер лагерь жоспарына сай озін-озі басқару ұйымдарының жұмысын ширатып, тәжірибесімен боліспін, балаларға колдау көрсетіп, жұмысты алға жылжытуға, т.б. іс-шараларды шығармашылықпен ұйымдастырады.

Қосымша білім беруде педагогтар үйірме жұмысына, баланың талап-талантын шындалп жетілдіруге, балалардың толық жұмыспен айналасуына, жұмыстың нәтижелі болуына жауап береді, көпшілікпен атқарылатын іс-шараларға белсенді қатыстырылады.

1. Ұжымның педагогикалық-психологиялық ұстанымы:

1. Педагогикалық кәсіби шеберлік принципі;
2. Баланы тұлға ретінде құрметтеу принципі;
3. Бірлесіп жұмыс атқару, бірге шығармашылықпен айналасу, ынтымақтастықта болу принципі;
4. Балалар интеллектін дамытуда дара ісіндегі бастамасын, шығармашылығын қолдау принципі;
5. Балалар ұйымының өзін -өзі басқару принципі;
6. Балалардың мектептегі тіршілік әрекетін ұйымдастыруда жалпы адами және ұлтық мәдени құндылыктардың үйлесу принципі;
7. Әрбір баламен жеке жұмыс жасау және ұжымның ышыгармашылықпен жұмыс атқару принципі;
8. Даулы мәселелерді дұрыс шешу, он шешім қабылдау.
9. Лагерге, жаңа ортаға бейімделуге қолдау көрсету.

Демалыс лагеріндегі жаңа өмірге балалардың тез, қындықсыз бейімделіп кетуі үшін мына іс-шараларды атқаруымыз қажет:

\* Балаларды бір бірімен тез таныстырып, олармен бірге ойын-сауық өткізіп, тез танысып, біліспін кетуге жол ашу үшін топен шығармашылық жұмыс жасау керек;

\* Күн тәртібіне, санитарлық нормаларды сактауға үйретіп, үнемі уақытында орынданап отыруға дағдыландырып, бірыңғай педагогикалық талаптар коюға болады;

\* Олар өздерін емін-еркін сезініп, лагерде бір мезіл серніліп, женилден тынығып калатында жағдай жасау үшін бөлмелерін, жалпы мектепті әдемі безендіріп, әшекейлеп, үнемі көз тартатында етіп жинақы ұсташа керек;

\* Балаларды жас ерекшеліктеріне сай шағын топтарға боліп, оларды «жұлдызша», «экіпаж», «команда» т.б. деп атауға болады;

\* Балаларға қабілетін ашуға, білімін көрсетуге, өз орнын табуға мүмкіндік беріп, осыдан кейін түрлі бағытта топ жұмыстарын боліп беру керек: (спорттық, интеллектуалды, көркем-қолданбалы, шығармашылық жұмыс т.б.)

\* Жарқын болашақта оларды не күтіп турғандығы жөнінде болжам жасауға қалыптастыру, жұмыстын бағдарламасымен таныстырып, жұмыс жоспарын даярлауға қатыстыру керек.

«Арай» жазғы сауықтыру лагері аудио-видеоның жұмыс үзактығы:

1- аудио: 02.06-13.06. (10 кун)

2- аудио: 16.06-27.06. (10 кун)

№6 ЖББМ оқушыларының жазғы демалыс уақытында сауығып, демалу әдісі мен түрлерін іске асыру:

\* Мектеп жанындағы жазғы сауықтыру лагері (ЖСЛ) «Арай» (маусым)

\* Еңбек лагері отрядтары маусым айында

\* «Салют» қала сыртында демалыс лагері (арнайы кесте бойынша)

«Мектеп маңын абаттандыру және көгалданыру бойынша бригадалар жұмысы (маусым-тамыз)

\* 1-сынышқа баратын балаларға арналған «Балақай» 1 сыныпқа арналған жазғы мектебі (тамыз)

\* «Жасыл ел» еңбек жасақтары құрамында 15 жасөспірім еңбек етеді деп жоспарлануда (13-17 жастағы жасөспірімдер үшін)

#### 4.1. «Арай» жазғы сауықтыру лагері (ЖСЛ)

(70-80 оқушы, 1-4 сыныптар)

«Арай» жазғы демалыс лагерінің басшысы: Бегалы А.С.

Жұмыс мазмұны: ұжымдық-шығармашылық жұмыстар, концерт, викторина, әнгіме-сұхбат, ойын-сауық, саяхат, жорық, акция, блиц-жауаптар т.б.

«Асфальтта сурет өнерімен шұғылдану мұражайы» сурет салу байқаулары: «Лепкодром» табиги заттардан ұсак-түйек бұйымдар жасау; «Дарындылар күні», «Спорт күні»,

«Әсем музыка күні», «Қызықты кинофильмдер күні».

**Жалпы лагерь мерекелері:** «Біз бақытты баламыз» мерекелік концерттік бағдарлама, «Біз бәріміз балалық шактанбыз...» отбасылық фотосуреттер байқауы,

«Біз – отбасымыз, демек, жеңіске жетеміз!» көнілді старт, «Өнерлі қолдар» сәндік-қолданбалы өнер туындыларының көрмесін ұйымдастыру.

Балалардың құқықтары мен міндеттері туралы шеберлік сабак,

«Жақсылық жолында» қайырымдылық акциясы (ерекше қажеттіліктері бар балалар қын өмірлік жағдайдағы отбасылардан шыққан балаларды қолдау),

«Менің жексенбілік күнім» бейнеролик түсіру, Белгілі балалар жазушылары мен ақындармен кездесу,

**Спорттық іс-шаралары:** «Спорт сенің серігің», «Интернетсіз күн – ойын, спорт және ойын-сауық күні» республикалық челлендж, «Конілді старт», «Спартакиада», «Біз - денсаулығы мықты болашақ үшін!», «Біз - Отанымыздың патриотымыз» акциялары т.б.

**Танымдық-сауықтыру мерекелері:** «Жасыл бағыттар» экологиялық акциялары (ағаш отырғызу, тазалау, жас натуралистер станциясында жұмыс), «Туган жердің дәстүрі мен қолөнері» тарихи-өлкетану мұражайына саяхат,

Лагердегі заныштықтар:

- \* Уақытты тиімді пайдалану.
- \* Үнемділік заңы
- \* Табиғатты қорғау.
- \* Бірін бірі құрметтеу
- \* Салауатты өмір салтын сақтау.
- \* Ұнтымақтастықта болу.
- \* Басқа адамның пікірі мен еңбегін құрметтеу.
- \* Пікір еркіндігі.

Тәрбиеленушілер күштіктері:

- \* Жеке тұлғаны құрметтеу.
- \* Ұжымдық және жекелеме шығармашылықпен айналысу.
- \* Танымдылық-ізденістік жұмыстармен айналысу.
- \* Айналысатын іс-әрекетін тандау.
- \* Ақпараттар алу күштіктері.
- \* Өз бастамасын ұсыну.
- \* Қателесуге күштіктері.

#### 4.2. «Салют» қала сыртындағы лагерде демалу.

(қалалық білім белімінін кестесі бойынша)

Биылғы оқу жылында аз қамтылған отбасында тәрбиеленіп жатқан 7 жастан 14 жасқа дейінгі балалар қала сыртындағы «Салют» лагерінде 4 маусым бойынша демалдыру жоспарланып отыр. Жауапты: Құлышбаева М.Н. (Барлығы-16 бала)

7-10 сынып оқушылары көгалдандыру жұмыстарына қатысады. Бригадага топтастырылған олар маусымнан бастап өздеріне бекітілген жерлерді аттандыру жұмысымен айналысады. Еңбек балаларды экологиялық медениетін көтеріп.

тындырымды жұмыс атқаруға дағыландырып, сонымен коса оларды ынтымақтастықта жұмыс атқаруға тәрбиелейді.

## 5. ЖАЗҒЫ САУЫҚТЫРУ ЛАГЕРІНДЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ - ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Демалыс лагеріне келген бірінші күннен бастап балалар психологиялық-педагогикалық көмек қажет етеді. Себебі жаңа құрамдағы ұжымға келеді. Бұл үшін мектепте оларға көмек көрсетуге қолайлы жағдай жасалған. Бірге атқарылатын істер, ойын-сауық, саяхат-жорықтар балалардың бір бірін басқа қырынан көруге, танып-білуға көмектеседі. Олардың мінезіндегі ерекшеліктерді көріп, баланың өз бетімен жұмыс жасап, нақты ұнаған ісімен айналысуга жол ашады. Балалардың даралығын, ерекшелігін, жеке басның қасиеттерін танып-білу, әлеуметтік жағдайын білу - баланың лагерде дұрыс демалып, жақсы сауығуна көмектеседі.

### ТҮР ТҮСІ ТІМІ, /АЙЫРА БІЛУ/ - КӨҢІЛ-КҮЙ КҮНДЕЛІГІ

Менің көңіл-күйім		Фамилия, имя
Шаттанушылық	Қызыл	
Куаныш, жылылық	Қызылт сары	
Тартымды, демі,	Сары	
Байсалды, жуас	Жасыл	
Қаяулы	Көк	
Үрейлі	Құлғін	
Әлсіздік	Қара	

## 6. БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУ КЕЗЕНДЕРІ І КЕЗЕҢ: ҰЙЫМДАСТЫРУ - ДАЯРЛЫҚ ЖАСАУ КЕЗЕҢІ ( 29 сәуірден 20 мамырға дейін)

Nº	Қызмет түрлері, атқарылатын іс-шаралар мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1	Директор жаңындағы жиналыс: жазғы сауықтыру лагерін ашуға даярлық жасау.	Мамыр	Лагерь басшысы Бегалы А.С., музыка пәні мұғалімі, тәрбиешілер
2	Ата-аналар жиналысы 1-10 сынып	15-25 мамыр	Сынып жетекшілері
3	Жалпы мектепішілік ата-аналар жиналысы	Мамыр	Мектеп әкімшілігі

4	Балалардың жазғы сауықтыру лагері жөнінде алдын ала ақпарат жинақтау.	Сәуір-мамыр	Сынып жетекшілері
5	2024-2025 оқу жылы бойынша балалардың жазғы сауықтыру лагеріндегі демалуы жөнінде қалалық білім бөліміне есеп беру.	Кажеттілігіне байланысты	ДТЖО Далябаева А.Б., әлеуметтік педагог Құлынбаева М.Н.
6	Лагерь бастығы, тәрбиешілер қызметіне кандидаттармен әңгіме-сұхбат жасау.	10 мамырға дейін	Мектеп әкімшілігі
7	Лагерге бөлмелерді даярлау *акт залы * спорт залы * дәліздер *кабинеттер	30 мамырға дейін	Шаруашылық жөніндегі орынбасар
8	Даярлау керек: *Демалыс бөлмелерін безендіру; *спортық инвентарлар; *музыка аппаратуrases.	25 мамырға дейін	Лагерь басшысы Тәрбиешілер

## II кезең: ЖАРНАМА - АҚПАРАТТЫҚ

( 15-28 мамыр аралығы)

№	Қызмет мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1.	Оқушылар арасында жарнамалық акция «Жаз келе жатыр!»	Мамыр	Сынып жетекшілері
2	Мектептен басқа мекемелермен бірлесіп жұмыс атқаруды үйымдастыру : * Орталық саябақ * Өрт сендеру бөлімі * АкваПарк * БМЖС * Театр, мұражайлар	Мамыр	Лагерь басшысы
3	Мектеп айналасын көгалдандыру бойынша сыныптардың жұмыс жасау	26.05-13.06.2025	Тәлімгер Тасқынбаева М.Ш.. Кобдиқбаева Н.А.

	кестесін жасау		
4	Ақылы, ақысыз лагерде демалатын балалардың тізімін анықтау.	25 мамырға дейін	Құлынбаева М.Н..
5	1-11 сынып оқушыларымен жазғы демалыстағы қауіпсіздікті сақтау жөнінде, өрттен сақтану, электр тоғы, жол жүру, интернет желісін пайдалану, бөтен адаммен тілдеспеу, қоғамдық орындарда, таныс емес жерлерде өзін өзі ұсташа қауіпсіздігін сақтау туралы нұсқау беру, түсіндіру. Суда жүзу бойынша нұсқау беру.	25 мамырға дейін	ДТЖО Далабаева А.Б.. Сынып жетекшілері
6	Жұмыс жоспарын, күн тертібін даярлау.	28 мамырға дейін	Бегалы А.С..
7	Лагердің ашылуына тиісті мекемелерден рұқсат алу, педагогтарды, қызметкерлерді медициналық тексеруден өткізу.	28-30 мамырға дейін	ДТЖО Далабаева А.Б., лагер басшысы Бегалы А.С..

### Ш КЕЗЕҢ: ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ( мамыр-маусым, 2025 ж )

Nº	Қызмет мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1	«Арай» сауықтыру лагерінің жұмысы	Мамыр-Маусым	Бегалы А.С..
2	Мектеп айналасын көгалдандыру	Маусым-тамыз	Тасқынбаева М.Ш. Кобдиқбаева Н.А.
3	Жаз айларында балалардың құқық бұзушылығының, бос уақыттарын мазмұнды үйимдастыруға байланысты мектептің Михайловка полиция	Маусым-тамыз	Жакупова Г.К., Құлынбаева М.Н. Сынып жетекшілері Мектеп

	белімінін ювеналды тобымен бірлесіп алдын алу іс-шараларын еткізу: *Ойын орталықтарын * Орталық саябақты аralау; * Үйді аralау.		инспекторы
--	--	--	------------

**«Арай» жазғы сауықтыру лагерінің жоспары**

№	Өтілетін іс-шаралар	Уақыты	Аяқтау нысаны	Жауаптылар
---	---------------------	--------	---------------	------------

**«Отбасы аясында»**

1	1. «Қайырлы күн, Күншуақ!» балаларды күтіп алу 2. Танысу кезеңі «Сақ бол балақай!» Жол ережелерін, велосипед жүргізуде қандай ережелерді сақтауы тиіс 3. «Біз бәріміз балалық шақтанбыз...» отбасылық фотосуреттер байқауы 6. «Жақсылықпен кездесейік!» балаларды шығарып салу	02.06.2025 жыл	Әлеуметтік желіге жариялау	Лагерь басшысы «Жұлдыз» топ жетекшілері Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі
---	--	----------------	----------------------------	---

**«Бақытты балалық шақ!»**

2	4. «Біз бақытты баламыз» мерекелік концерттік бағдарлама. Лагердің ашылу салтанаты. 5. Орталық саябаққа саяхат	02.06.2025 жыл	Әлеуметтік желіге жариялау	Лагерь басшысы «Жұлдыз» топ жетекшілері Музыка пәнінің мұғалімі
---	--	----------------	----------------------------	---

**«Таланттар шеруі»**

3	1. «Қайырлы күн, Күншуақ!» балаларды күтіп алу 2. «Жаттығу жаса, бой сергіт!» 3. «Менің елімнің нышандары» ҚР рәміздер күніне арналған әдеби монтаж 4. «Бой жазайық, кел,	03.06.2025 жыл	Әлеуметтік желіге жариялау	Лагерь басшысы Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі «Достық» топ жетекшілері
---	--	----------------	----------------------------	---

	<p>ойнайық!»</p> <p>5. «Өнерлі қолдар» сәндік-қолданбалы өнер туындыларының көрмесін ұйымдастыру</p> <p>6. Kids park балалар ойын-сауық орталығына саяхат</p> <p>7. «Жақсылықпен кездесейік!» балаларды шығарып салу</p>			Мектеп психологы
--	--	--	--	---------------------

### «Бірлік – тірлік тірегі!»

4	<p>1. «Қайырлы күн, Күншуақ!» балаларды күтіп алу</p> <p>2. «Жаттығу жаса, бой сергіт!»</p> <p>3. «Мен кішкентай әншімін» ән сайысы</p> <p>4. Хайуанаттар бағына саяхат</p> <p>5. «Жақсылықпен кездесейік!» балаларды шығарып салу</p>	04.06.2025 жыл	Әлеуметтік желіге жариялау	<p>Лагерь басшысы «Гүлдер» топ жетекшілері Дене шынықтыру пәннің мұғалімі Музыка пәннің мұғалімі</p>
---	--	-------------------	----------------------------------	--

### «Денсаулық лигасы»

5	<p>1. «Спорт сенің серігің»</p> <p>2. «Интернетсіз күн – ойын, спорт және ойын-сауық күні» республикалық челлендж</p>	04.06.2025 жыл	Әлеуметтік желіге жариялау	<p>Дене шынықтыру пәннің мұғалімі Мектеп тәлімгері</p>
---	---	-------------------	----------------------------------	--

### «Қауісіздік пен мейірімділік әлемінде»

6	<p>1. «Қайырлы күн, Күншуақ!» балаларды күтіп алу</p> <p>2. «Жаттығу жаса, бой сергіт!»</p> <p>3. Балалардың құқықтары мен міндеттері туралы шеберлік сабак</p>	05.06.2025 жыл	Әлеуметтік желіге жариялау	<p>Лагерь басшысы «Қыран» топ жетекшілері Дене шынықтыру пәннің мұғалімі</p>
---	---	-------------------	----------------------------------	--

### «GARMONIA»

7	<p>4. «Жасыл бағыттар» экологиялық акциялары (ағаш отырғызу, тазалау, жас натуралистер станциясында</p>	05.06.2025 жыл	Әлеуметтік желіге жариялау	<p>Лагерь басшысы «Достық» топ жетекшілері</p>
---	---	-------------------	----------------------------------	--

	жұмыс) 5. «Жаз Аруы - 2025» 6. «Жақсылықпен кездесейік!» балаларды шығарып салу			
--	---	--	--	--

**«ZHAZ ONLINE»**

8	1. «Менің жексенбілік күнім» бейнеролик түсіру	08.06.2025 жыл	Әлеуметтік желіге жариялау	Лагерь басшысы топ жетекшілері
---	--	----------------	----------------------------	--------------------------------

**«Атадан балаға мұра»**

9	1. «Қайырлы күн, Күншуақ!» балаларды күтіп алу 2. «Жаттығу жаса, бой сергіт!» 3. «Дәрігерге дейінгі көмек көрсету шаралары» нұсқаулық 4. Қызықты кинофильмдер күні «Саржайлау» кинотеатрына бару 5. «Жақсылықпен кездесейік!» балаларды шығарып салу	09.06.2025 жыл	Әлеуметтік желіге жариялау	Лагерь басшысы «Қыран» топ жетекшілері Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Мектеп дәрігері
---	--	----------------	----------------------------	--

10	1. «Қайырлы күн, Күншуақ!» балаларды күтіп алу 2. «Жаттығу жаса, бой сергіт!» 3. «Биле, биле» би сайысы 4. Аква парк «Дельфин» 5. «Жақсылықпен кездесейік!» балаларды шығарып салу	10.06.2025 жыл	Әлеуметтік желіге жариялау	Лагерь басшысы тәлімгер, Музыка пәнінің мұғалімі
----	--	----------------	----------------------------	--

11	1. «Қайырлы күн, Күншуақ!» балаларды күтіп алу 2. «Жаттығу жаса, бой сергіт!» 3. «Асфальтта сурет өнерімен шұғылдану мұражайы» сурет салу байқаулары 4. Аква парк «Дельфин» 5. «Жақсылықпен кездесейік!» балаларды шығарып салу	11.06.2025 жыл	Әлеуметтік желіге жариялау	Лагерь басшысы «Гүлдер» топ жетекшілері Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі
----	---	----------------	----------------------------	---

12	<p>1. «Қайырлы күн, Күншуақ!» балаларды күтіп алу</p> <p>2. «Жаттығу жаса, бой сергіт!»</p> <p>3. «Балаларға қауіпсіз интернет күні» интернет қауіпсіздігі</p> <p>4. Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметіне</p> <p>5. «Жақсылықпен кездесейік!» балаларды шыгарып салу</p>	12.06.2025 жыл	Әлеуметтік желіге жариялау	Лагерь басшысы педагог-психолог Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі
13	<p>1. «Қайырлы күн, Күншуақ!» балаларды күтіп алу</p> <p>2. «Жаттығу жаса, бой сергіт!»</p> <p>3. «Көңілді сәттер» атты тілек бұрышына суреттер салу, тілек жазу</p> <p>4. «Лепкодром» табиғи заттардан ұсақ-түйек бұйымдар жасау</p> <p>5. Kids park балалар ойын-сауық орталығына саяхат</p> <p>6. «Қош бол, сүйікті лагерім!» лагердің жабылуы</p> <p>7. «Жақсылықпен кездесейік!» балаларды шыгарып салу</p>	13.06.2025 жыл	Әлеуметтік желіге жариялау	Лагерь басшысы топ жетекшілөрі Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Музыка пәнінің мұғалімі